

ЕСЕП

Қазіргі заманның мұғалімі ауыспалы әлеуметтік жағдайларда тез бағдарлануы, кәсіби іс-әрекеттің жеке-шағырмашылық стилін құруға, білім алушылармен интербелсенді өзара әрекеттесуге және ынтымақтастыққа бағытталған педагогикалық үдерісті жүйелі болжау үшін жаңаша ойлау қабілетін меңгеруі қажет.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында білім берудің гуманистік және дамытушылық сипаты, еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, білікті мамандарды даярлауды күшейтудің және білімді кәсіби бағдарлаудың қажеттілігі белгіленген.

Болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлау жүйесінде педагогикалық практика басымды рөл атқарады. ЖОО-дағы білім беру үрдісінің органикалық бөлігі ретінде, ол мұғалімнің теориялық және практикалық дайындығының бірлігін қамтамасыз етеді.

Педагогикалық практика – бұл болашақ мұғалімнің кәсіби тұлғасы қалыптасуының негізгі формасының бірі. *Педагогикалық практика* студенттер үшін маңызды оқу үрдісінің бөлімі болып саналады. Педагогикалық практика кезінде студенттер барлық информатикадан, программалау пәндерден алған білімдерін жалпы білім беру мектебінде іс жүзінде қолдану арқылы машықтанады. Бұл практика түрі болашақ маман үшін соңғы іс-тәжірибе болып саналады. Педагогикалық практика 4 курста өткізіледі. Студенттер қала мектептерінде 10 апта бойында мұғалім қызметін атқарады. Мектеп бағдарламасына сәйкес сабақ жүргізеді. Мектептегі оқу, тәрбие және қоғамдық жұмыстарды жоспарлау, бағалау және қадағалау бойынша машықтанады.

Педагогикалық практика студенттер үшін маңызды оқу үрдісінің бөлімі болып саналады. Педагогикалық практика кезінде студенттер барлық информатикадан, программалау пәндерден алған білімдерін жалпы білім беру мектебінде іс жүзінде қолдану арқылы машықтанады. Бұл практика түрі болашақ маман үшін соңғы іс-тәжірибе болып саналады. Педагогикалық практика 4 курста өткізіледі. Студенттер қала мектептерінде 10 апта бойында мұғалім қызметін атқарады. Мектеп бағдарламасына сәйкес сабақ жүргізеді. Мектептегі оқу, тәрбие және қоғамдық жұмыстарды жоспарлау, бағалау және қадағалау бойынша машықтанады.

Педагогикалық сараманнан күтілетін нәтижелер:

- студенттер өз пәндері бойынша жаңартылған бағдарламаның мақсаттарын, міндеттерін, құрылымын және мазмұнын біледі және түсінеді;
- студенттер өз пәндері бойынша жаңартылған бағдарламаға сәйкес педагогикалық тәсілдерді, оқу материалдарын қолдана біледі;

студенттер өз пәндері бойынша жаңартылған бағдарламадағы оқу мақсаттарына қол жеткізу үшін критериалды бағалау жүйесін түсінеді және қолдана біледі.

2019-2020 оқу жылында 5B011100 – «Информатика» мамандығының студенттері үшін Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданының «Оңды ауылының Ә.Кекілбайұлы атындағы орта мектеп» ММ, Қызылорда облысы, Байқоңыр қаласы, академик С.А.Жиенқұлов атындағы Байқоңыр колледжі, №34 А.Тайманов атындағы мектеп-гимназиясы, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, Мұнайлы ауданы №2 ЖББМ, БҚО, «Батыс Қазақстан облысының дарынды балаларға арналған мамандандырылған «БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ» мектеп-лицей-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесімен келісім шарт жасалды.

Кафедрада сараманның барлық түрі бойынша ҚР мемлекеттік жалпыға бірдей білім беру стандартына сәйкес дайындалған сараман бағдарламалары бар. Бұл бағдарламаларда сараманның мақсаты, міндеті, машықкерлерді бағалау критерийлері, сараман қорытындысы бойынша тапсырылатын құжаттар тізімі толық көрсетілген.

Студенттер сараманнан өту нәтижесі бойынша кафедраға есеп тапсырады. Сараман бойынша есептің мазмұны мен материал көлемі сараман бағдарламасының ұсынған талаптарына сәйкес келеді. Сараман үрдісінде басшылық өзінің мінездемесін, ескертуін және ұсынысын береді. Қорытынды конференцияларда студенттер презентация мен есебін ұсынады. Кафедраның мәжілісінде педагогикалық сараман нәтижелері талқыланады, онда сараман кезінде пайда болған ескертулерге көп көңіл бөлінеді.

2019-2020 оқу жылында оқу жылында жоспарланған оқу кестесіне сай 21.01.2020 ж. – 11.04.2020 ж. күндері аралығында 5B011100- «Информатика» мамандығының 4 курс студенттері университет ректорының бұйрығына сәйкес Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданының «Оңды ауылының Ә.Кекілбайұлы атындағы орта мектеп» ММ, Қызылорда облысы, Байқоңыр қаласы, академик С.А.Жиенқұлов атындағы Байқоңыр колледжі, №34 А.Тайманов атындағы мектеп-гимназиясы, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, Мұнайлы ауданы №2 ЖББМ, БҚО, «Батыс Қазақстан облысының дарынды балаларға арналған мамандандырылған «БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ» мектеп-лицей-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде педагогикалық сараманнан өтті:

И-41 топ

№ 34 А.Тайманов атындағы мектеп-гимназия

1. Кенжегалиева Лунара Руслановна

Сұраныстары бойынша:

2. Орысбай Айсұлу Орысбайқызы – Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданының «Оңды ауылының Ә.Кекілбайұлы атындағы орта мектеп» ММ
3. Жауғашарова Ақмарал Абайқызы - Қызылорда облысы, Байқоңыр қаласы, академик С.А.Жиенқұлов атындағы Байқоңыр колледжі

Әдіскерлер ретінде: аға оқытушы Мухамбетова Г.Г.; биология және экология кафедрасының оқытушысы Б.Е.Утебалиева; мектепке дейінгі және бастауышта білім беру кафедрасының оқытушысы Т.Т. Мақсотова бекітілді.


Орысбай Айсұлу Орысбайқызы Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Оңды ауылы Ә.Кекілбайұлы атындағы орта мектебінде мемлекеттік сараманнан өтті. Оған 6«а» сыныбы бекітіліп берілді. Ол осы сыныпта информатика пәнінен сабақтар өткізіп, тәрбиелік шаралар ұйымдастырды. «Алғыс айту парызым», «Ғасыр дерті» сияқты тәрбие сағаттарын өткізіп, бейнефильм, плакат, түрлі суреттер, слайд пайдаланды. Ол 6 сыныпқа информатика пәнінен сабақ өткізу барысында жаңа ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, топтық, жеке, жұптық жұмыстар өткізіп, оқушыларды қызықтыра білді. Өзінің теориялық білімін практикада шебер ұштастырып, әр сабақты жаңаша өткізуге тырысты. Информатика пәнін жақсы меңгерген студент ретінде көрсете білді.



Сараман кезінде оқушылармен тез тіл табысып, оқушылардың қызығушылығын оята отырып, оларды жаңа бір қырынан таныта білді. Сабағын тиянақты дайындап, көрнекіліктерін де талапқа сай әзірлеп сабақтарын қызықты тиімді жүргізді. Ол алғашқы күннен бастап өзіне берілген тапсырмаларды дер кезінде, тиянақты орындап, өз ісінің жауапкершілігін, ұқыптылығын көрсетті. Өзіне-өзі жоғары талап қоя білді.

Жауғашарова Ақмарал Абайқызы «Академик С.А.Джиенкулов атындағы Байқоңыр колледжі» білім беру мекемесінде мемлекеттік педагогикалық сараманнан өтті. Оған О-181 және О-18(ақылы) тобы бекітілді. Ол О-181 және О-18 тобына және Т-181, О-192, Ш-191 топтарына информатикадан 10 сабақ өткізді. Оқытудың жаңа технологияларымен танысып, колледждегі шетелдік, қазақ ұстаздардың сабақтарынан мол педагогикалық тәжірибе жинақтады. Сабақтар кезінде студенттерді топқа бөліп, жұптық тапсырмалар, жеке тапсырмалар орындатып, ойын сабақтарын өткізіп, АКТ-ны жан жақты

қолдана білді. Сыни тұрғысынан ойлауға, проблемалық оқытуға арналған сабақтар өткізді.



Кураторлық жетекшілік еткен топта «Байқоңыр жастары» кураторлық сағатын өткізіп, «Сұлу әлем, әлем сұлу сен жаратқан адаммен» атты 8-наурыз халықаралық әйелдер күніне арналған мерекелік концерт ұйымдастырды. Жалпы алғанда сараман барысында 6 тәрбиелік шарасын өткізді. Кураторлық сағаттарда студенттерді топқа бөліп, жалпы топпен жұмыс, сауалнама ұйымдастыру, бейнеролик көрсету, флипчартпен жұмыс жасап, студенттердің өз ойларын айтқызуға көп көңір бөлді.

Кенжегалиева Лунара Руслановна Орал қаласы №34 А.Тайманов атындағы мектеп-гимназиясында мемлекеттік педагогикалық сараманнан өтіп, ол 7 «б» сыныбында информатика пәнінен сабақтар өткізіп, класс жетекшіге көмекші ретінде тәрбиелік шаралар өткізді. Ол күнделікті сабағына тиянақты дайындалып, сабақ жоспарын жүйелі құрып, оқушылардың қызығушылығын оятатындай әртүрлі тапсырмаларды әзірлеп, сабағын жоғары деңгейде өткізді. Әр сабағында интерактивті тақтаны, көрнекіліктер, үлестірмелі карталар, бағалау қағаздарын қолданды. Әр сабақтың соңында мұғаліммен бірге сабақ талқыланып отырды.

Сараман кезінде «Men Offline», «Энергия сақтау – бұл біздің үйдегі жайлылық», «Кез-келген тілдегі басты сөз» атты тәрбие сағаттарын өткізді. Тәрбие сағаттарында оқушыларға тағылымы көп видеороликтер көрсетілді және оқушылардың өз ойын еркін айтып, жеткізулеріне көп көңіл бөлді.



Машықтан өту барысында машықкер пән мұғалімі, сынып жетекшімен, оқушылармен тығыз қарым-қатынаста болды. Сараман жетекшілерінің берген барлық тапсырмаларына аса жауапкершілікпен қарап, машықтан өту кезінде педагогикалық қарым-қатынастың білімдері мен біліктерін дамытты.

4. Балманов Айтбек Амангелдиевич- Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, Мұңайлы ауданы №2 ЖББМ
5. Жуманиязов Махмуд Айгабилович – БҚО, «Батыс Қазақстан облысының дарынды балаларға арналған мамандандырылған «БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ» мектеп-лицей-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Әдіскерлер ретінде: п.ғ.к., доцент А.Б.Медешова; биология және экология кафедрасының оқытушысы Б.Е.Утебалиева; мектепке дейінгі және бастауышта білім беру кафедрасының оқытушысы Т.Т. Мақсотова бекітілді.

Жуманиязов Махмуд Айгабилович Батыс Қазақстан облысының дарынды балаларға арналған мамандандырылған «БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ» мектеп-лицей-интернатында машықтан өтті.

Информатикадан 10 сабақ өткізді. Сабақты жоспарлау және ұйымдастыру барысында машықкер университетте жиған әдістемелік қоржынын пайдаланды. Жаңартылған білім мазмұны бойынша оқулық материалына қосымша ақпарат жинақтауда студенттік портфолиосын кадеге жаратты. Критериалды бағалау тәсілдерін меңгерді.



Оқушылармен бірнеше тәрбие сағаттары жүргізілді. Сыныптан тыс жұмыстар бекітілген жоспарға сәйкес ұйымдастырылды.

Жуманиязов М.А. сараман кезінде жеке жоспарды орындады. Дегенмен, азды-көпті кемшіліктер де кездесті. Мысалы, кейбір әдістердің тиімсіз қолданылғаны байқалды. Алайда бұл қателіктер оқып-үйренудің мәнін арттыра түсті.

Techno Club



Ол 8 «Б» сыныбына сынып жетекшісі және тәрбиешісі қызметтерін атқарды. Ата-аналармен жұмыс, оқушымен жеке жұмыс жүргізуде сынып жетекшісімен, тәрбие жұмысының меңгерушісімен қоян-қолтық жұмыстанды.


Қорыта келе, машықкер Жуманиязов М.А. теориялық білімін практикамен ұштастыра білді. Оның сараман кезіндегі қызметін болашақ мұғалімге лайық деп есептеуге болады.

Балманов Айтбек Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы, Атамекен ауылында орналасқан №12 жалпы білім беретін орта мектебінен сараманнан өтті.

Оған 5 «Ә» сыныбына жетекшілік және информатика пәні мұғалімі ретінде сабақ беру жүктелді. Бұл сыныпта 28 оқушы бар, оның 13 қыз, 15 ер бала.

Болашақ педагог ретінде мектептің материалдық техникалық базасымен, мектептің педагогикалық ұжымымен және мұғалімдердің міндеттері, құқықтарымен танысты.

Информатика пәнінен 5 «Ә», 5 «Б» сыныптарына 5 тақырыптық сабақ берді. Сыни тұрғысынан ойлау технологиясының стратегиялары пайдаланылды. Уақытты ұтымды пайдалануға тырысты. Жиынтық бағалау тапсырмаарын құрастырудың қиындығы байқалды.



Жеке жұмыс жоспары бойынша 7 тәрбие сағатын, 1 сыныптан тыс шара өткізді. Тәрбие сағаттары мен сыныптан тыс шара жоғары деңгейде өткізілді.

Машықкер Балманов А. сараманды өту барысында оқушылармен, педагогикалық ұжыммен еркін қарым-қатынас жасайтындығын айқын көрсете білді.

Кафедрадан машықкерлерді сараманға жіберу және оларға әдіскерлерді тағайындау туралы қызметтік жазбалар жазылып, машықкерлерді сараман бойынша орналастыру конференциясы өтті. Конференцияда машықкерлерді сараман талаптарымен, тапсырылатын құжаттармен және әдіскерлерімен таныстырылды.

Сараман жетекшілері машықкерлердің сараманнан өту барысында үнемі бақылауда ұстады.

2020 жылдың 20 сәуір күні 5B011100 – «Информатика» мамандығы И-41топ студенттеріне педагогикалық сараман бойынша есептерін қорғау конференциясы өткізілді. Қорытынды сараманда машықкерлер өздерінің жасаған жұмыстары бойынша есептерін қорғады. Машықкерлердің құжаттары толығымен тексеріліп, тиісті бағалары әдіскерлердің шешімімен қойылды. Конференция барысында студенттер өздерінің мектепте жүргізген тәрбие жұмыстарымен де таныстырды.

Машықкерлер дайындауға тиісті барлық сараманның құжаттарын дайындап, өз әдіскерлеріне тапсырды. Мемлекеттік сараманнан өткен өндірістік орындар мен мектептер машықкерлердің жасаған жұмыстарына көңілдері толатынын айтып, болашақта жоғары білікті мамандар шығатынына сенімдерін білдірді.

Машықкерлердің барлық есептері тыңдалып, қорытынды бағалары қойылды.

№	Аты-жөні	Сараманның қорытынды бағасы
1.	Орысбай Айсұлу Орысбайқызы	95; А; 4 (өте жақсы)
2.	Жауғашарова Ақмарал Абайқызы	95; А; 4 (өте жақсы)
3.	Кенжегалиева Лунара Руслановна	93; А-; 3,67 (өте жақсы)
4.	Жуманиязов Махмуд Айгабилевич	93; А-; 3,67 (өте жақсы)
5.	Балманов Айтбек Амангелдиевич	75; В-; 2,67 (жақсы)

Сараман жетекшісі:

А.А. Хамзина